

Түркістан облысы, Келес ауданы,
Қоңыртөбе ауылы

**№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің
қамқоршылық кеңесінің жоспары.**

2022-2023 оқу жылы.

Әлеуметтік педагог: А. Жарылкасинов

Қамқоршылық кеңесінің мақсат-міндеттері.

- 1.1. Жалпы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесі /бұдан әрі Қамқоршылық кеңесі/ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9- тармағына сәйкес жалпы білім беру мекемесінің ұжымдық басқару түрі болып табылады.
- 1.2. Қамқоршылық кеңесі оның мүшелерінің еріктілігі мен теңдігі, өзін-өзі қаржыландыруын негізге ала отырып жүргізеді. Өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын, Қамқоршылық кеңес туралы ереже мен білім мекемесінің Жарғысын басшылыққа алады.
- 1.3. Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты жалпы білім беретін мекеменің қызыметін тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.
- 1.4. Қамқоршылық кеңесі қаржы қаражатының пайдалануына бақылау жасайды және білім беру мекемесіне тартылған қаражатты пайдаланудың мақсаты мен бағытын өзгерткен жағдайда өз қызыметін тоқтатуға құқылы.
- 1.5. Қамқоршылық кеңесі білім мекемесінің әкімшілігімен, ата- аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі ұйымдармен өзара әрекеттесе отырып, қызымет атқарады.

Бекітемін
Мектеп директоры: 
Н. Ерсеінова



№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары
2022-2023 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепте Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жоспарын жасау.	тамыз	Мектеп директоры
2	Мөлтекаудан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылардың сынып жетекшілермен бірлесе анықтау және әлеуметтік диагностика жасау: жартылай жетім, көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары	қыркүйек	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
3	Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. Мектеп асханасын жалдаушылармен келісім шарт түзіп оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету	қыркүйек	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, кітапхан қызметкері
4	Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенциясы және ҚР «Неке және отбасы Заңын» талқылау	қазан	Әлеуметтік педагог, кеңес құрамы
5	Жартылай жетім және аз қамтылған оқушылардың әлеуметтік ортасына зерттеу жұмыстарын жүргізу. Тәрбиесі қиын және құқық бұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар атқару.	жылына екі рет	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
6	Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен және әлеуметтік көмек көрсету. Қамқорлық акциясын ұйымдастыру	қараша	Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7	Жартылай жетім аз қамтамасыз етілген отбасының оқушылардың жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру	желтоқсан	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
8	Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылардың қамқоршыларымен байланыста болу	қаңтар	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
9	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің достарым» тақырыбында сауалнама жүргізу	ақпан	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог,
10	1 маусым - Баланы қорғау күніне байланысты мәдени іс-шаралар ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру; Жартылай жетім және аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларды жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз ету	маусым	Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:



Д. Айтқұлов
А. Бейсенбаев

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңесінің отырыстары
2022-2023 оқу жылы

Қамқоршылық кеңесінің мақсаты: Мектепте сайыстар, олимпиадалар, фестивальдар өткізуге қолдау жасау (оқушыларды марапаттау, көтермелеу, материалдарын сатып алу. Мұқтаж отбасы оқушыларына әлеуметтік көмек көрсету.

Міндеттері:

Мектептің негүрлым белсенді және талантты оқушыларын сайыстардың, олимпиадалардың, фестивальдардың жеңімпаздарын көтермелеу;
 Мектептің спорт командасына көмек көрсету;
 Балаларға әлеуметтік көмек көрсету.

№	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту. 2. Қамқоршылық кеңес мүшелерін 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру 3. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру	тамыз	қамқоршылық кеңесі төрағасы
2	1. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсетуін бақылау. 2. Қамқоршылық кеңестің жарналық қорын ұйымдастыру 3. Бала құқығының қорғалуына және Сенім телефоны мен сенім жәшігінің жұмысына бақылау жасау	қазан	кеңес төрағасы мүшелері, әлеуметтік педагог, мектеп психологы
3	1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары 2. Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтерін қорытындысы.)	қаңтар	кеңес төрағасы мектеп әкімшілігі
4	1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. 2. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары.	сәуір	кеңес төрағасы мектеп әкімшілігі

Қамқоршылық кеңесі төрағасы:

Т. Уналбеков

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №1

05.08.2022 жыл

Қоңыртөбе ауылы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жоспарымен таныстыру, кеңес төрағасын сайлау.
2. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру туралы.
3. Мектепте оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша мектеп директоры Н. Ерсейтов ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» заңымен таныстырып, Қамқоршылық кеңесі мүшелері өз орталарынан кеңес төрағасы мен орынбасарын сайлап алуды айтып өтті. Кеңес мүшелері өзара ақылдаса отырып, бірауыздан төраға етіп Уналбеков Талғатты, оның орынбасары етіп

2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы биылғы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті. 2022-2023 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен орынбасары сайланды.
Уналбеков Талғат – кеңес төрағасы, Ауыл биі.
Ергешов Нұртаза – төраға орынбасары, №1 спорт мектебінің тренері.
Тореханов Абдігани – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.
Жақсылықов Нұрлан – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.
Себаева Гулайна – кеңес мүшесі, Сарыжылға дәрігерлік емханасының медбикесі.
Ботабеков Құрманғазы – кеңес мүшесі, Ошақты ауыл әкімшілігінің инспекторы.
Ешанкулов Данияр – кеңес мүшесі, Келес ауданы ПБ учаскелік полиция инспекторы.
Сманов Қамбарбек – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.
Жартыбаев Нұркен - кеңес мүшесі, ауыл имамы.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып әлеуметтік педагог
Жарылкасинов Абдишукир бекітілсін.

Сонымен бірге мектепте жаңа оқу жылында тұрмыс деңгейі төмен, көп балалы, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер тарапынан көмек көрсетілу жұмыстарын ұйымдастырылу жайлы айтты.

Мектептің әлеуметтік педагогы А. Жарылкасинов қазіргі күнде мектепте ҚР-ның 64 қаулысына сәйкес ата-аналардан түскен өтініштер мен құжаттарды көрсетті. Мектепте Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларынан шыққан

№49 «Қоңыртөбе» жалпы орта мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №2

18.08.2022 жыл

Қоңыртөбе ауылы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Қазақстанның ірі қайырымдылық қоры «Қазақстан халқына» ОСФ-мен ынтымақтастықта «Мектеп сөмкесі» әлеуметтік жобасына 7 оқушының тізімін ұсыну.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша мектеп директоры Н. Ерсейтов сөз алды. Келес аудандық 700 оқушыға кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Қазақстанның ірі қайырымдылық қоры «Қазақстан халқына» ОСФ-мен ынтымақтастықта «Мектеп сөмкесі» әлеуметтік жобасына оқушылардың тізімін ұсыну және «Мектеп сөмкесі» әлеуметтік жобасына біздің мектебімізге 7 сөмке берілді және соның тізімін бекіту екенін айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мына тізімді ұсынып, бекітті.

№	Аты-жөні (толық жазылуы тиіс)	Отбасының әлеуметтік статусы
1	Мұсабай Еңлік Бағланқызы	Аз қамтылған
2	Еркін Ақерке Ғабдуллақызы	Аз қамтылған
3	Қуатбек Қуаныш Нурболұлы	Көп балалы
4	Усербай Арайлым Абдуалиқызы	Жартылай жетім
5	Қасымханова Дариға Нұрланқызы	Аз қамтылған
6	Зұлпыхар Алмас Беймбетұлы	Көп балалы
7	Пернетай Ерасыл Қаныбекұлы	Аз қамтылған

Қаулы:

1. Мектепте «Мектепке жол» акциясы аясында ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін. Қазақстанның ірі қайырымдылық қоры «Қазақстан халқына» ОСФ-мен ынтымақтастықта «Мектеп сөмкесі» әлеуметтік жобасына оқушылардың тізімі ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:

Т. Уналбеков
А. Жарылқасинов